

экспедициясы (К.А.Ақышев) зерттеген. Үшбұрыштанып келген төбенің көлемі: оңтүстік-шығыс жаны 180, оңтүстік-батыс жаны 160 м, солтүстігі – 190 м, биіктігі – 15 м, төбесінде 75х60 м болатын дөңгеленген алаңы бар.

Төбедегі қазіргі заман молаларынан шыққан топырақ ішінде қара және қызыл ангоб жағылған, жылтыратылған сырсыз керамиканың біраз үлгілері кездеседі. Қала орнының территориясында 3100 дана шағатайлықтар соққан күміс теңгелердің көмбесі табылған. Материалдар Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі мен Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорларында сақтаулы [7].

Қорытындылай келе айтарым, Отырар – Ұлылар дүниеге келген қасиетті мекен. Елбасы айтқандай Отырар – Қазақ өркениетінің алтын дінгегі. Атақты ойшыл, философ Әбу Насыр әл-Фарабиді және Фараби сынды отызға жуық ғұламаны, Өзбекәлі Жәнібеков сияқты қайталанбас қайраткерді тудырған, Шәмшідей дарынды дүниеге әкелген, Мұхтардай ақынды сыйлаған құт мекен. Дегенмен, сан ғасырлық тарихы бар елді мекеннің өзіндік проблемаларыда жетерлік. Олардың біршамасының шешімі шешілуде. Мәселен, Отырарды жаңғырту жобасы аясында жақсы жолдар салынуда. Сонымен қатар туристі қызықтыратын әдебиеттер мен жақсы қонақ үйлерде қажет. Себебі, Орталық Азиядан әр жұма күндері тек қажылар ғана емес, көптеген туристтер келеді. Туристтер ішінде тарихқа, археологияға қызығушылығы барлар да жетерлік. Бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің тұрғындарын айтпағанда, Жапониядан, Қытайдан, Кореядан туристтер бар. Айтайын дегеніміз, ең бастысы – туристік маршруттарды ыңғайландыру қажет. Себебі, еліміздің, туған жеріміздің тарихқа толы, әсем жерлерін әлемге таныта отырып, Қазақстанды шет елдерге таныта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Отырардағы Отырар керамикасы / Альбомның алғы сөзін жазған әрі иллюстрациялық материалдарын құраст. К.М. Байпақов пен Л.Б. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1990. – 212 б., ил.
2. Численность населения Республики Казахстан по полу в разрезе областей, городов, районов, районных центров и поселков на начало 2019 года. – Астана, 2020.
3. Кзылкумский-Отрарский район // Справочник по истории совхозов Южно-Казахстанской области (1918-1994). – Шымкент, 1996.
4. Кларе А.К., Черкасов А.А. Древний Отырар и раскопки, проведенные в развалинах его в 1904 г. // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Год IX. – Ташкент, 1904.
5. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории археологи и этнографии АН КазССР. – Т.5. – Алма-Ата, 1958. – С. 3-215.
6. Акишев К.А., Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1972.
7. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – 367 с.

Қасиетті Қазақстан

Абдурахит А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Баймағамбетова А.А.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан халқының жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындардың барлығы елімізде осы киелі орындар санатына жатады. Дүниежүзі бойынша жер көлемі жағынан тоғызыншы орын алатын елімізде киелі жерлер баршылық. Бірақ, сол жерлердің дәріптелмеуі жағынан және де жеткілікті түрде зерттелмегенінің кесірінен халқымыз киелі жерлердің көбісін білмейді. Біз ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенімізді өз елімізге ғана емес, басқа да елдерге

танытуымыз керек. Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік жобасы қолға алынған болатын. Әрине, ол жоба арқылы мемлекеттік бағдарламалар аясында тарихи-мәдени ескерткіштеріміз біршама жаңғыртылып, қорғалғаны анық. Бірақ ол жоба Қазақстандағы барлық киелі орындарды қамти алмады. Қазіргі таңда елімізде киелі орындарға байланысты өте ауқымды жоба қолға алынған болатын. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында өлкеміздегі киелі орындарға мән беру, экологияны жақсарту, олардың картасын жасау көзделген. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы еліміздегі барша географтардың, тарихшылар мен өлкетанушылардың басын қосып, барлық қасиетті жерлеріміз бен тарихи мекендерімізді елге танытады, қажетті деңгейде зерттеледі деп сенім артудамыз. Әрине Қазақстандағы әр жердің өзінің бір ерекшелігі, тарихы бар. Сіздердің назарыңызға Қазақстанның «топ 5» киелі жерлер тізімін ұсынғым келіп отыр:

1. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі.

Қожа Ахмет Яссауи Қазақстанның оңтүстік өңірінде аты аңызға айналған кесене. 1397 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Яссауи кесенесі салынған болатын. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Қожа Ахмет Яссауи 1093 жылы туған түркістандық ғұлама, әулие, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл. Қожа Ахмет Яссауи ұстаздарының көшбасшысы-Арыстан баб. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі талай ғасырдан бері мұсылманшылықтың алтын бесігі болып келеді. Оны бүкіл қазақ жұрты, түркі әлемі ерекше қасиет тұтады.[1] Кесененің құрылыс ерекшеліктері: іргетасы балшық пен тастан құйылған. Ахмет Ясауи комплексі ХІҮ ғасырдағы құрылыс инженерлерінің сөзсіз озық шешімі болып табылады. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде көреген Әмір Темір заманынан қалған құнды жәдігерлердің бірегейі қазандық бөлмесінде тұрған қасиетті Тайқазан. Тайқазан сирек кездесетін жеті асыл металдың қоспасынан құйылған. Ең қызығы осы кесенеді көптеген құпиялар жасырылған делінеді. Ғалымдар бұрыннан-ақ не себепті бұл ғимараттың сол уақыттағы барлық діни ғимараттар секілді Меккеге бағытталмағанына бас қатыруда. Ал келесі құпия кесененің іргетасында жатыр, себебі ол мүлде жоқ! Іргетастың орнын қалыңдығы бір жарым метр болатын, көп қабатты балшықты негіз қойған. Бірақ 2000 жылдың басында кесененің көне қабырғаларының астына бетонды іргетас жүргізіліп шықты. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы, 1989 жылы 28 тамызда Қазақстан Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ашылды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі 2003 жылы ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында дүниежүзіндегі мәдени мұра тізіміне енген болатын.

2. Арыстан баб кесенесі

Зерттеулер арқылы көз жеткізгеніміздей, Арыстанбаб – сахаба да емес, шайқы да емес, түркі халықтарына Ислам дінін жайған, Ахмет Ясауиға ұстаз болған. Ал енді кесенеге келер болсақ Арыстан баб кесенесі — көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Мәуереннахр билеушісі Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауидің құрметіне кесене тұрғызуға жарлық етеді. Кесененің қабырғалары қаланып болған түні алып өгіз келіп, дуалдарды мүйізімен соғып, құлатып кетеді. Кесене қабырғалары қайта тұрғызылып, күмбездері қаланғанда әлгі оқиға тағы қайталанады. Осындай оқиғалардан кейін Әмір Темірдің түсіне ақ киімді қария кіріп: «Алдымен Қожа Ахметтің алғашқы ұстазы – Арыстан бабтың қабірінің үстіне мазар сал», - дейді де ғайып болады. Ертеңінде Әмір Темір Арыстан баб әулиенің қабірінің басына кесене тұрғызуға жарлық береді. Ол салынып біткенде ғана Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы ойдағыдай аяқталады. Сөйтіп, Оңтүстік Қазақстан облысы аймағындағы көне Отырар жерінде Арыстан баб кесенесі бой көтереді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша Арыстан баб кесенесінің үстінде ешқашан бұлт тұрмайды екен. Әрдайым ашық аспан астында тұрады. Бұл да болса жоғарыда айтылған аңыздардың ішінде шындығы бар секілді. Кешен ХХ ғасырларда жергілікті халықтың қаражатымен қайта өңделген. Арыстан бабтың әулиелігін халық мойындаған. [2] Сондықтан

бүгінгі күнге дейін бейсенбі сайын әулие басына түнеп, ғибадат етушілер кездеседі. Ел арасында «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген ұлағатты сөз бар.

3. Ұкаша ата кесенесі

Әулиенің кеніне айналған қарт Қаратаудың бөктерінде Ислам дінін таратушы Ұкаша сахабаның кесенесі мен құдығы орналасқан. Кей деректер бойынша, Ұкаша сахаба Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың сенімді серігі әрі күзетшісі болған деп айтылады. Ұкаша атаны арабтар «Акаша» деп атаған делінеді. Ұкаша ата жайлы деректер өте аз. Шәді төре Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы өздерінің деректерінде қалдырған болатын. Үш автордың шығармалары пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) Мұстафаның қайтыс болар алдындағы соңғы өсиетіне байланысты жазылған. Шығармада Ғакаша (Ұкаша) сахабаның есімі негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде баяндалған. Бұл шығармалар бізге ең алдымен, Ғакаша сахабаның ешқандай да аңыз емес тарихи тұлға, пайғамбардың жақын серігі болғандығын көрсетеді. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-мұражайы ғылыми зерттеу бөлімінің мәліметінше, Ұкаша сахаба біздің даламызға Ислам дінін алғаш алып келген тарихи тұлға. Ол Түркі тайпаларының бірінен шыққан. Қазақ шежіресінің бастауында тұратын Әнес сахабалармен бір қатарда тұрады дейді.[2] Ұкаша ата жайлы тараған аңыз-әфсаналарда көп. Аңыз бойынша Ұкаша ата шапса қылыш өтпейтін, атса оқ өтпейтін қасиет дарыған алып денелі батыр болған. Заманындағы дін жаулары Ұкаша атаны өлтірмекке бекінгенімен, осал тұсын таппай дал болады. Соңында жұбайын алдап-арбап, Ұкашаның қылыш шаппас денесі намаз үстінде ғана қорғасындай еріп, босайтынын біледі. Оны білген жаулары Ұкаша атаның басын намаз оқып тұрған жерінде шауып түсіреді. Бас сүйегін қорламақ болғанда жерге түскен бас домалай кетіп екі қырдан асып барып жер астына түсіп кеткен деседі. Ел аузында құдық суы жер асты арқылы Меккедегі Зәм-зәм бұлағымен байланысады деген түсінік бар. Сол құдықтың тереңдігі 28 метрді құрайды. Мұхаммед ғ.с өмірден өтер сәтінде «Кімде-кім Ұкашаның жүзіне қараса, сол адамға тозақ оты харам болды» дегенді айтады. Ұкаша атаның басын қылыш кескен кезде 23 метрдей жерге қаны шашыраған. Мүбәрак әулиенің қасиетті қаны аяққа тапталмасын деген оймен денесімен қоса қаны шашыраған жері көміліп қабірге айналдырылған. "Ұкаша ата көзі тірісінде "Қай жерде жан тапсырсам да, мейлі шахид болайын, Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбардың қасында жерленсем арманым жоқ" деп дұға тілеген екен. Пайғамбардың ізін қуған Ұкаша атаның бұл тілегі қабыл болса керек, басы шабылған сәтте кенеттен ауа райы бұзылып, найзағай жерге түсіп кетеді де үлкен тасты жарып жібереді. Содан құдық пайда болады. Ұкаша атаның басы сол құдықтың ішіне түсіп кетеді. Дін дұшпандары екі сарбазын құдыққа түсіріп, басын алып шығуды тапсырғанымен, одан нәтиже шықпапты. Осы құдықтың басында барша мұсылман жамағаты Алладан тілек тілеп, зияратқа ағылып адам келуде.[2] Ал құдыққа келер болсақ, құдықтан біреуге су шығады, ал біреулерге шықпайды. Халық шелек салғанда су шығатын болса, ол адамның зияраты, тілегі қабыл болды деп есептеген. Қазіргі кезде кесене «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының құрамында діни-рухани ескерткіш ретінде тізімге алынған.

4. Қозы Көрпеш-Баян Сұлу кесенесі

Қазақ еліндегі көне ескерткіштердің бірі Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Таңсық ауылындағы Қозы Көрпеш - Баян сұлу кесенесі. Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу – XIII-XIV ғасырлардан бас-тап жырланып, XIX ғасырдың ортасында қағазға түскен қазақ халқының лиро-эпостық жыры. Бірақ қос ғашықтың ізі тек жырда ғана қалмаған. Көненің көзіндей болып келе жатқан мазар да бар. Халқымыздың мәдени мұрасындағы рухани құндылықты жаңаша зерделегенде Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жырында кездесетін кейбір сәттерге ерекше ыждахатпен жаңадан оралу қажет. Қос ғашық күмбезінің салынуы жайлы түрлі деректер кездеседі. Соның бірі Жанақ ақынның жеткізуі бойынша күмбезді мыңдаған адам бірігіп салған. Ол үшін жақын жердегі таудан тастар әкелінген. Тау мен Аягөз өзенінің бойында көптеген тайпалардың мыңдаған кісілері атпен тізбектеле тұрып, бір қолдан бір қолға беріп жеткізіп тұрыпты-мыс. Сөйтіп, олар 90 шақырым қашықтықтан тас тасып, Аягөздің биік белесінен күмбез жасаған. Ол күмбез әлі күнге тозған жоқ. Аңыз бойынша,

кесененің пайда болу тарихы «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» халық эпосының кейіпкерлерінің есімдерімен байланысты. [2] Аңызда батыр Қозы Көрпеш пен ерте балалық шағында ұнатқан, алайда белгілі бір себептермен қосыла алмаған сұлу Баян арасындағы қайғылы махаббаты туралы баяндалады. Ер жеткен ержүрек батыр Қозы Көрпеш айдай сұлу Баянды кездестіреді, бірақ екеуінің арасында батырды опасыздық пен өлтірген Қодар тұрады. Аңызда айтылғандай, Баян сұлу сүйіктісін өлтіргені үшін Қодардан кек алып, ақыр соңында өзі де өмірімен қош айтысады. Қозы Көрпеш жігіт пен сұлу Баянның бейнесі қазақ халқымен он бес ғасыр бойы ажырамай келеді. Олардың биік сезімі әлі күнге дейін бөлінбей, адамзаттың мәңгі жырлар тақырыбы махаббаттың символына айналды. Көнекөз қариялардың айтуынша, мұнда әлі де зерттелмей жатқан нысандар көп. Оны зерттеудің мақсаты әлемге әйгілі мавзолейді қайта жаңғырту арқылы жас ұрпаққа өнегелі тәрбие беріп, аймақта туризмді дамыту.

5. Айша-бибі кесенесі

Тараз қаласынан 18 км қашықтықта басқа да діни ескерткіш – Айша-бибі мазары орналасқан. (XI- XII ғғ.) Қазіргі кезде ол кесене ЮНЕСКО қатарына алынған. Мазар сырты ерекше қапталған, оны тек Бұхарадағы Исмаил Самани мазарымен ғана салыстыруға болады. Айша –бибі кесенесі Орталық Азиядағы плита түрінде қапталған оюға толы толығымен кесілген терракотамен безендірілген. Кесене безендіруінде бай және әр түрлі геометриялық фигураларымен апталған. Тізбектер терракотамен қапталған жіңішке суреттермен қазақ оюлармен безендірілген. Айша-бибі кесенесі көне орталық-азия түріктер халқының ою-өрнектерінің бай мұражай-сақтаулылардың байлығы болып келеді. Қазіргі кезде бұл ескерткіштерден батыс қабырғасы, ал қалған қабырғалардан – аз ғана суреттер қалған. Мазардың бұрыштарының бірінде көне жазба тақпағы сақталып қалған: «Күз...Қара бұлт.Әлем керемет...» Біздің күнге кесененің тек батыс бөлшегі сақталған. Қазір кесене толығымен жаңартылған. Аумақ жақсы орналастырылған. Қараханидтер сәулет ескерткіштері ішінен бұл ескерткіш кереметі болып саналады. 60 түрлі ою-өрнектері бар эпиграфикалық белдеумен жасалған. Ескерткіш туристтерді тек қана ерекше сәулетімен ғана емес, сонымен қатар сұлу Айша-бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббаты туралы аңыз да қызықтырады. Айша әйгілі шығыс ақылшысы Зеңгі бабаның қызы болып келеді.[2] Аңыз бойынша Айша өзінің ғашығы Қараханға бара жатқан жолында жыланның шаққанынан қайтыс болған.

Біз үшін Отанымыздың әр сүйем жері қасиетті болып есептеледі. Еліміздің ұлттық санасының ерекшелігі туып-өскен жері, өнген ортасын киелі тұтып,оның қадір-қасиетін бағалауымен құнды екенін ұмытпауымыз қажет. Бұл киелі орындар бұған дейін қасиетті нысан ретінде ғылыми сарапталып, жүйеленбеген. Қазіргі таңда реттеп, жалпыхалықтық құндылық ретінде қарастыру қолға алынуда. Бұл жұмыстың рухани маңызына тоқталар болсақ, біріншіден, киелі, қасиетті нысандар біздің ұлтты рухани жұтаңдықтан сақтайтын символдық қалқанымыз және ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы деп түсінгеніміз дұрыс. Екіншіден, қазіргі жастар өзінің тарихын тек әлеуметтік желіде таратылған жеңіл желпі ақпар арқылы танып, білуде. Біз бұдан нені аңғарамыз? Уақыт өткен сайын жастардың тарихи санасына тұсау салатын қауіп күшейіп келеді. Кеңес одағы кезінде киелі мекен деген ұғымды жете зерттеу мүмкін болмады. Қайта қолдан тұншықтырып, талай киелі мекендерге қатысты аңыздар ұмытылды, жазылмады, цензура арқылы шектеу қойды. Одан кейінгі жылдары жоғымызды түгендеп, іздеуге шамамыз жетпеді. [3]Мемлекеттің аяқтан тұрып кетуі үшін, экономикалық тұрғыдан дамуға ден қойдық. Сондықтан, енді ғана жан-жағымызға қарап, жоғымызды түгендеп, құндылығымызды бағалауға ден қойып жатырмыз. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде жұтылып кетпеу үшін, рухани-мәдени мол мұрамызға мән беріп, ұлттық құндылықтарымызды саралау, рухани географиялық, тарихи-мәдени белдеудегі қасиетті жерлерімізді жаңғыртудың маңызы зор. . Осыған қалқан болатын дүние – жоғарыдағы жоба болуы тиіс. Яғни болашақ ұрпақ жалпыұлттық қасиетті нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, бір халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://qazaqstan.tv/index.php/news/78575/>
2. <https://e-history.kz/kz/news/show/31992/>
3. <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder20405/Науч.сем.-Камалова.pdf>

Панфилов ауданының тарихи-мәдени ескерткіштері

Амирдин Султанмурат Амирдинұлы

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Бұл өлке – бүкіл елімізге, тіпті одан да тыс жерлерге аты мәлім өнер адамдары мен қайраткерлер туған топырақ. Олардың көшбасында қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы, Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеев пен көзі тірісінде – ақ «Жетісудің бұлбұлы» атанған Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақышев тұр. Тағы басқа да қайраткерлігімен, қаламгерлігімен, теңіздей терең білімімен көпшіліктің көңілінен шыққан Қ.Сұлтанов, Р.Нұрпейісов, Б.Нұржекеұлы, С.Дәуіт, Т.Исабеков, З.Сәмади, Т.Тохтамов, Ұ.Ибрагимов, Б.Өмірбеков, А.Тасымбеков, Ж.Қорғасбек, Ш.Алжанбай сынды абзал жандар көптеп саналады.

Аудандағы 45 елдімекен, 1 қалалық және 13 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы – Жаркент қаласы. 2013 жылғы 1 қаңтарындағы көрсеткіш бойынша аудан тұрғындарының саны 119,7 мың адам. Атап айтқанда қазақ 66,9%, ұйғыр 27,5%, орыс 4,1% пайыз, басқа ұлттар 1,5% құрайды. Қала халқының саны 41,8 мың адам, ауыл халқының саны 77,9 мың адам [1, 16 б.; 2, 305 б.].

Тарихи және мәдени орындары

Аудан аумағы арқылы Ұлы Жібек жолы басып өтеді. Жаркент қаласында ХІХ ғасырдың көрікті ескерткіштерінің бірі – «Жаркент мешіті» сәулет – көркемөнер мұражайы орналасқан. Бүгінде де ол бүкіл еліміздегі санаулы тарихи сәулет өнерінің қайталанбас құндылықтарының бірі болып саналады. Оның бас сәулетшісі – қытай шебері Хон Пик болған. Оның құрылысына Орта Азия сәулет өнерінің озық үлгілері тиімді пайдаланылған.

Сонымен қатар сәулет ескерткіштерінің бірі әулие Илья Пророк православиялық мешіті 1892 жылы кірпіштен жасалған. Іргетасы қайыңнан салынған. Татар мешіті 1895 жылы салынған, онда 1996 жылдан бері аудандық орталық мешіт орналасқан. 1880 жылы салынған татар саудагерінің үйіне 2004 жылы күрделі жөндеу жүргізіліп, Ә.Қастеев атындағы сурет галереясы орнатылды.

Әулиеағаш ауылында жасы VII ғасырдан асатын айрықша алып ағаш бар. Бұл ағаш өскен жер қазір халықтың мінәжат ететін қасиетті орнына айналған.

«Жаркент мешіті» сәулет-көркемөнер мұражайы

Музей директоры – Шәріпхан қажы Тұрғанов. Бұл мешітті салуға негізгі құрылыс материалы ретінде ағаш пайдаланылған. Мұнда шығыс сәулет өнерінің қалыпты дәстүрі құрылыс салудың жергілікті тәсілдерімен байыта дамытылып үйлесімді шешім тапқан. Мешіттің сырт көрінісінде құламалап келіп жоғары қарай, қайырыла біткен шалқайма шатыр сипатты, цилиндр тәрізді колонналары галереясы, үлкен көлемді ернеулері сияқты архетектуралық элементтерді айқын көруге болады.

1948-1949 жылдары тұңғыш рет мешітке жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде сәулет өнерінің баға жетпес көне ескерткіші мемлекет қарамағына алынды [1, 261-262 бб.; 3-4].

Әулиеағаш

Қазақстандағы ең көне хан-ағаш – алып қарағаш. Ол Іле өзенінің «Алтын-Емел» ұлттық табиғи саябақ аумағында, Үлкен Қалқантауының шығыс жағында өседі. Жасы 700 жылдан асқан. Бұл қарағаш Шыңғысхан шапқыншылығының куәгері деседі. Жергілікті халық ағашты күні бүгінге дейін қасиет тұтады. Жуандығына жеті адамның құшағы әрең